

**Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде
тарих пәнін оқытудағы
өзгерістер мен перспективалар**

Тарих пәнін оқыту ісі қоғамдық пән ретінде күрделі педагогикалық құбылыс болып табылады. Білім бере отырып оқушыларды тәрбиелеу ісі де тарих пәнін оқытуда жан-жақты жүзеге асырылады.

Қазақстан тарихы өзінше курс болып, 1958-59 оқу жылынан бастап КСРО тарихының құрамында оқытылды. КСРО құрамында оқытылған Қазақстан тарихына қатысты тақырыптар саны да өте мардымсыз болды. Қазақстан тарихына 4-5 сыныптарда 8-10 сағат, ал 7-8, 9-10 сыныптарда 47-48 сағат қана берілді.

Кеңестік кезеңде тарихты оқытуда ол кезеңдерде тарихи фактілерді бұрмалау, таптық тұрғыдағы мемлекеттік идеология, еуроцентристік саясатты дәріптеу сияқты келеңсіздіктер сақталды. Тарихты оқытуда формациялық тұрғыда қарастыру орын алды.

Қазақстан тарихына арналған оқулықтар 1980 жылдардың соңында қайта құру кезеңінде ғана жарық көрді. Бірақ бұл оқулықтардың мазмұны да, көлемі мен сапасы да сын көтерген жоқ. Алайда жеке пән ретінде Қазақстан тарихының 1989-90 оқу жылдарынан бастап оқытыла бастауының өзі үлкен жетістік деп бағалауға болады.

* Тәуелсіздік алған тұстан бастап мемлекеттік идеологияның қалыптасуы уақытында Отандық тарихты оқытуға ден қойыла бастады. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес бекіткен «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасындағы этникалық мәдени білім тұжырымдамасы» сияқты құжаттарда тарихты оқыту мәселелері көтерілген. Сонымен қатар ҚР Білім туралы заңында, «ҚР жалпы білім беретін мектептер мазмұнының тұжырымдамасы», ҚР Президентінің «Қазақстан халқына жолдауы» т.б. құжаттарда білім беруде қойылатын талаптар мен тиісті іс-шаралар анықталған.

* Тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылдығында Республика мектептерінде 5-11 сыныптарына арналған Қазақстан тарихының жаңа оқулықтары шықты. Қазақстан тарихы оқулығы мен бағдарламалары ғылыми-әдістемелік тұрғыда талданып, жаңа өзгерістер енгізіле бастады.

Тарих бағдарламалары мен оқулықтарын жасауда тарихшы, педагог - әдіскер ғалымдар, әдіскерлер, мұғалімдер қатысуда. Олардың қатарында: Д.Бабаев, Т.Тұрлығұл, Ж.Қасымбаев, М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, К.Байпақов, Ж.Артықбаев, Қ. Құнапина, С.Жолдасбаев, Ә. Төлеубаев Б. Аяған, З.Кабулдинов М.Қойгелдиев т.б. атап өтуге болады.

Оқулықтарға қатысты проблемаларды көтеріп, үнемі оқулық, тарихты оқытуға қатысты мәселелер көтеріліп отырды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының өзінде Қазақстан тарихы оқулығы мен оқытуға қатысты сыни пікірлер айтқан ғалымдар мақалалары жарық көрді. Мәселен, деректанушы ғалым Қ.Атабаев: Тәуелсіз ұлттың талабы мен талғамына сай Қазақстанның тарих ғылымын реформалаудың негізгі міндеттерінің бірі – ұлттық деректану ғылымын қалыптастырып, оның Қазақстанның тарих ғылымындағы өз орнын алуына мүмкіндік жасау керектігіне назар аудартты.

Ж.Қасымбаев ҚР жалпы білім беретін мектептерінде
«Қазақстан тарихын оқыту тұжырымдамасы атты
мақаласында тарих оқулықтарындағы кемшіліктерді көрсетті.
Б.Аяған Қазақстан тарихын қалай оқыту керек? атты
мақаласында: « Таптық қайшылық пен таптық күрес
тұжырымдарынан бас тарту; «капиталистік» елдерге деген
жау көзқарастан арылу; Еуроцентризм мен отаршылдықты
саясатты әшкерелеу» - қажеттігін алға тартты.

Тәуелсіздіктің екінші он жылдықтарында республикаға танымал ұстаздардың оқу-әдістемелік іс-тәжірибелері таратылды. Атап айтар болсақ, Астана қаласында мектепте істеген С.Ж. Дүйсенов, Қызылорда қаласындағы Д.Саханованы, Алматы мектептерінің тарихшылары Л.С. Маркова, Г.С. Асанбекова, Г.Жусанбаева, Атырау облысы тарихшы мұғалімі Ж.М. Пауединова, Өскемен қаласындағы Н.Б. Шаронованы т.б. қосуға болады.

Жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес өзге пәндер сияқты тарихты оқытудың да жаңа әдістемелері өзгерді. Оқытудың ақпараттық техникалық құралдарын оқу процесінде қолдану тиімді. Ақпараттық оқу мақсаттарында қолдану оқушының жұмысын жеңілдетіп, қажетті материалды алуға, визуалды қабылдауына мүмкіндік береді. Білім беру жүйесінде ақпараттандыру берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға ағытталған үрдіс, елімізде білім беру жүйесі осы мәселені жүзеге асыруға бағыт алып отыр.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында өлке тарихын оқытуда аға буынның өлке тарихын әспеттеп жас буынға жеткізу қажеттігі туралы баяндалды. Қазақстан - 2050 стратегиясында: Біз өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» - деп көрсетілді. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам атты стратегиялық мақаласында: «Төл тарихымызды түгендеуге, оқытуда, зерттеуде салғырттыққа салынбау қажеттігіне назар аудартты.

* Қазіргі Қазақстан тарихты оқытудағы басты ұстанымдардың бірі білім мазмұнының ұлттық болуы тиістігі. Тарих пәні үш құндылықты - этномәдени, жалпыұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруі тиіс. Ұлттық құндылықтар мен мәдениетті меңгеріп қана қоймай бәсекеге қабілетті болып, іргелі білім негіздерін меңгеруі тиіс.

* Бүгінгі күндері жаңа буын оқулықтары мен әдістемелік кешендер дайындалуда. Қазақстан тарихың 7-томдық академиялық оқулығын жазу ісі қолға алынып жатқандығына куәсіздер. Бұның өзі болашақта мектеп оқулықтарының да заман талабына сай жазылуына, тарихи жаңа мәліметтермен толықтырылатындығына септігін тигізетіндігі анық.

Жаһандану дәуірінде әр ел өз ұлттық құндылықтарын сақтап қалуға көңіл бөледі. Ұлттық құндылық елге , жерге деген сүйіспеншіліктен туады. Бұл қасиеттерді қалыптастыруда тарих пәнінің алатын орны ерекше.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!